

SAIASAT

«NUR OTAN»
ФИЛИАЛЫНДА – ЖАҢА
ТАҒАЙЫНДАУ

2-бет

TAGLYM

ЕРЛІКТИҢ ОТЫН
МАЗДАТҚАН

3-бет

TARİH

ЖЕҢІСТІ
ЖАҚЫНДАТҚАН
ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК

5-бет

RÝHANIAT

ФАРАБИ ЖӘНЕ МУЗЫКА
АСПАПТАРЫ

7-бет

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛІМІЗ БҰЛ ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҢДАЛЫП ШЫҒАДЫ



– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Президент ретіндегі алғашқы сұхбатыңызды біз «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған еді. Ең алдымен, қазіргідей күрделі кезеңде ой-толғамдарыңызды тағы да біздің газетіміз арқылы оқырманға жеткізуге келісім бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

– «Егемен» – елдің үні, ұлттың мінбері. Қазақ тарихының жүз жылдық жылнамасы. Сондықтан бас басылым арқылы ел-жұртпен тілдесудің маңызы зор.

– Ендеше, сұхбатты бастайық. Өткен аптада коронавирус індетіне қатысты мәлімдеме жариялап, жұртшылықты толғандырған көптеген мәселені ашық айттыңыз. Осыған дейін де телевизия арқылы үндеу және мәлімдеме жасаған болатыңыз. Жалпы, еліміздің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз? Бұдан кейінгі бағыт-бағдарымыз қандай болмақ?

– Пандемия бүкіл әлемнің қалыпты тіршілігіне айтарлықтай әсер етті. Индеттің салдарынан дүние жүзінде экономикалық белсенділік күрт төмендегенін көріп отырсыздар. Шикізат бағасының құлдырауы экономикалық жағдайды қиындататыны анық. Халықаралық валюта қорының пайымдауына, биыл әлемдік жалпы ішкі өнім елеулі төмендейді. Өрне, мұндай дағдарыстан кейін экономиканы қалпына келтіру оңайға түспейді. Шұғыл әрекет етпесе, әлемдік рецессия күрделене бермек. Сондықтан шамасы жетегін елдер өз азаматтарына қолдау көрсету үшін нақты жұмыстар жүргізуде.

Біз Қазақстанда төтенше жағдайды дер кезінде жарияладық. Осындай шаралардың арқасында вирустың жаппай таралуына жол бермей, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап отырмыз. Дағдарысқа қарсы шаралар үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржы бөлінгенін білесіздер. Ең алдымен, жұмыссыз қалғандарға 42 500 теңге мөлшерінде төлем жасауды ұйғардық. Жалпы, 4,2 миллион адам бұл көмекті алды. Оны екінші айда да жалғастырамыз. Бұдан бөлек, 1 миллиондай мұқтаж жан азық-түлікпен және қажетті заттармен қамтамасыз етілетін болды.

Осындай күрделі кезеңде халыққа көмек көрсетілмесе, мемлекеттілігімізге сын емес пе?! Өрне, ақша таратып берумен ахуал түзелмейді. Дағдарыс жағдайында кешенді әрі жүйелі шаралар ұйымдастырған абзал. Ең алдымен, жастарды жұмысқа орналастыру керек. Сондықтан 250 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өр өңірде инфрақұрылымдық және инженерлік жобалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары бар. Міне, жұмыссыз қалғандарды солардың құрылысына, жөндеу жұмыстарына жұмылдырамыз.

Уақытша қиындықта тап болған 1,6 миллион кәсіпкердің несиесін қайтару мерзімі кейінге шегерілді. Мұндай шара іскер азаматтарды қолдау үшін қажет. Сондай-ақ «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қаржысы 1 триллион теңгеге дейін көбейтілді. Бұл қаражат жаңа жобаларды қайта қаржыландыруға, жеңілдік шарттарымен несие беруге жұмсалды. Кәсіпкерлер үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер мерзімі ұзартылды. Зардап шеккен шағын және орта бизнес өкілдері еңбекақы төлеу қорының міндетті төлемінен алты айға босатылды.

Ерекше атап өтер жайт, карантин кезінде азаматтарымыз оқшаулануға тез бейімделді. Көптеген кәсіпорын мен мекеме қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеуге көшірді. Қоғамның жана үрдістерге лайын екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Жалпы, Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдары айқын. Елбасы бұл мәселе жөнінде Қауіпсіздік кеңесінің отырысында нақты атап көрсетті. Кез келген дағдарыс тың бастамаларды туындатады. Өрне, осы кезеңнен сабақ алып, осал тұстарымызды жетілдіруіміз керек. Егер індет өршіп кетпесе, 11 мамырда төтенше жағдай режимі аяқталады.

– Мәлімдеменіңіздейтіндей, қазіргі ахуал бүкіл әлемге оңай тиіп отырған жоқ. Қысылған кезеңде доллар бағамы өсіп, түл теңгеміз құнсыздана түсті. Пандемиядан кейін теңгенің бағамы тұрақтанып, қалпына келуі мүмкін бе?

– Басқа елдердің валюталарымен қатар біздің теңгеміздің де құны кеміп кеткені рас. Осыған орай, Үкімет пен Ұлттық банк жағдайды тұрақтандыру үшін нақты шаралар қабылдады. Мен қазіргі кезеңде экспорттан түсетін табыстың бір бөлігін ішкі нарыққа сатуға тапсырдым. Сондай-ақ олар шетел валютасындағы депозиттерін еліміздің қаржы жүйесіне қайтаруда. Бұл қаражат нақты жобаларға жұмсалды. Осы және басқа да шаралар доллар тапшылығын болдырмау үшін жасалып отыр.

Өрне, нарықтық экономика жағдайында мұндай мәселені реттеу оңайға соқпайды. Оның үстіне, еліміздегі шетел валютасының басым бөлігі шикізатты сатудан түсетіні жасырын емес. Ерте ме, кеш пе, теңге бағамы тұрақтанады. Бірақ бұған сыртқы факторлар әсер етпей қоймайды. Теңгенің долларға қатысты бағамы валюта нарығындағы сұраныс пен ұсынымын азда-көптігіне қарай түзелетіні белгілі. Сондықтан құзырлы органдар валюта нарығына қатысты заңсыз әрекеттердің жолын кесетін болады. Алдағы уақытта Ұлттық банк теңгенің еркін бағамы қағидатын ұстанып, Үкіметпен бірлескен жұмысын жалғастыра береді.

– Сіз бұған дейін мұндай кезеңде екінші деңгейдегі банктердің жауапкершілік таныту қажеттігін айттыңыз.

►► 2-бетте

ЖЕЗҚАЗҒАН ОТТЫ ЖЫЛДАРДА

Сұрапыл соғыс жылдарында ірі мыс кенді аймағы болып табылатын Жезказған мен Балқаш Кенес одағындағы мыстың жартысынан көбін өндірі. Сол жылдардың кейбір деректеріне сүйенсек, майданға жөнелген әрбір он оқтын төртіншісі Жезказған мысынан күйіліпты. «Отанға мыс керек!» деген жалынды шақыру сол кезеңде өндірісі өндірісі орындарында аса айтарлықтай жауынгерлік сипатқа не болған еді.

Ерлік қашан да елдік қасиеттен туындайды. Ел басына күн туған сұрапыл кезеңде тылдағы ерлік те майдан даласынан бірде-бір кем болған жоқ. Жезказғандықтардың алдына қысқа мерзімде мыс кенін бұрынғыдан екі есе көп өндіру міндеті қойылды. «Барлығы майдан үшін», «Женіс үшін!» деген ұранмен тылдағы еңбеккерлер жан аямай еңбек етті. Соғыстың алдындағы жылдарда Жезказғанда Покро, Петро, 31 және 32-шахталар қызу қарқынмен салына бастаған-тын. Олар желді жағдайда 1941 жылы пайдалануға берілді. Сөйтіп, соғыс алдындағы кезеңнен салыстырғанда 1942 жылы кен өндіру 4 есе, 1944 жылы 5 есе өсті. 1943 жылдың 16 сәуірінде құрамында 17 шахта, 3 ашық кен өндіру учаскесі, Қарсақбай мыс зауыты, Байқоңыр көмір қазбалары, Қарсақбай орталық электр стансасы, кірпіш зауыты, механикалық цех және жалпы ұзындығы 150 шақырымдық теміржол желісі кірген Жезказған кен-металлургия комбинаты құрылды. Сол жылдың он айында кен өндіру және мыс балқыту жөніндегі бір жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды.

Зауыттар мен фабрикаларда ерлердің орнын әйелдер алмастырды. Мәселен, соғыс басталғаннан кейінгі бір жылдың ішінде Қарсақбай зауытында барлық жұмысшылардың үштен бірін әйелдер құраған еді. Архив деректеріне көз салар болсақ, флотаторлар С. Макеева, М. Репина, В. Неплохова, электромонтер П. Незаметдинова, турбина машинистінің көмекшісі А. Хмелева сияқты көптеген әйелдердің өндірістік көрсеткіштерін асыра орындағанын көруге болады. Сол бір сұрапыл жылдарда әйелдер күрделі техникаларды да игеріп, ерлердің ғана қолынан келетін талай ауыр жұмыстарды қабыршылықпен атқара білді. Байқоңыр көмір шахтасындағы Н. Жанқабылова басқаратын кешенді зойшылар бригадасы ұдайы алғы шептен көрінді. Жезказған кенішіндегі дәрі атушы К. Иманбаева, вагонетка аударушы

Ұ.Мауешова сынды екінші өндірісшілердің есімдері тыл майданының шежіресіне өшпестей болып жазылып қалған. Ауылда қалған жасөспірімдермен бірге әйелдер күрделі техникаларды да игеріп, өндіріс қарқынын арттыруды қамтамасыз ете білді.

Сол кездің шежіресіне көз салар болсақ, тыл еңбеккерлерінің жеңісті жақындалуға деген құлшынысын кез келген қадамдарынан көріп, сүйсінуге болады. Ленинградты қармандықпен қорғаушыларға: «Біз сендерге барлық мүмкіндігіңізше көмектесуге әзірміз. Соғыс күндерінде біз үнемі мыс өндіру жоспарын асыра орындаудамыз. Алта сайын жексенбіліктер өткізудеміз. Еңбек өнімділігін бұдан да жоғары көтеріп, жоспардан тыс жүздеген тонна кен беретіндігімізге ант етеміз!»-деп жазыпты Жезказған кеншілері мен металлургері. Бүгінгі қоғамда басқа көзқарас, басқаша өлшем. Алайда, ел шегіне жау тиген сұрапыл соғыс жағдайында жан беріп, жан аларлықтай алапат еңбек тынысын, жеңіс жолында адамдардың басын байгеге тіккен мөрт мінезі мен өжет ерлігін жазбай танып, білуге болады бұл жазбалардан. Жезказғандықтар мәскеуліктерге де дем беріп, осы рухта хат жолдапты. Сонымен қатар, Қарсақбай зауыты мен кеніш ұжымдары Қазақстанның барлық түсті металлургия еңбеккерлеріне арнап үндеу қабылдап, өздерінің қаржыларына «Қазақстан металлургия» танк колоннасын жасауға шақырған. Республика түсті металлургиясының қызметкерлері осы үндеуге орай 8 млн. сом қаржы жинады. Олар «Жезказған кеншісі», «Жезказған кеншісі» әскери ұшақтарын, «Жезказған комбинаты комсомолы» және «Қазақстан пионері» танк колонналарын жасауға көп мөлшерде ақша жинап, үлестерін қосты. Жезказған ауданының кеншілері «Жезказған кеншісі» ұшағын жасауға 1,5 млн. сом ақшалай, 2,7 млн. мемлекеттік займ облигациясымен қаржы

жинап, жасалған ол әскери ұшақ Бірінші Украина майданына жіберілген. Жоғарғы бас қолбасшы И.Сталиннен танк колонналарын және ұшақ жасауға қаржы жинағандары үшін Қызыл Армияның атынан Жезказған еңбекшілеріне алғыс білдірген жеделхат келуі де сол заманның елеулі оқиғасы ретінде жетіп отыр бізге.

«Правда» газеті: «Қазақстанда өндірілген сирек металдарды қазір танк қалқандарынан, артиллерия қаруларының, пулеметтердің, винтовкалардың ұңғаларының, әскери қорабьдлер мен самолеттердің сыртқы қабынан көруге болады» деп жазыпты сол уақытта. Жау шебінде қалған Кольчугинодан қоныс аударған прокат цехы жабықтарымен 1941 жылғы 28 қарашада Бергге стансасына жеткізіліп, молибденнің 60 % Балқаш берсе, 1942 жылы майдан қажеттілігі үшін бір айға жетпейтін уақыт ішінде Жездіде марганец кен өндірісі іске қосылды. Бұл кен орны 1941 жылы Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен жедел барланып, қоры анықталған болатын. Өте қысқа мерзімде іске қосылған Жезді өндіріс орны танкінің болат қалқанына қажетті марганецпен елімізді қамтамасыз етіп отырды. Кенді өңір өндірісінің сұрапыл жылдардағы ерлік істер шежіресін осылайша әлі де жалғастыра беруге болады. Соғыстың соңғы зенбірегін атылып, жеңіс дабылының қағылғанынан бері 75 жыл уақыт өтсе де ол күндердің ызғарлы ізі мен өшпес даңқы естен кетпейді.

Соғыс жылдарының қиындықтарына қарамастан Жезказған комбинаты елеулі мөлшерде нығайып, еліміздің ірі кен-металлургия өндірісіне айналғаны белгілі. Саф алтынға пара-пар ең сапалы мысымен әйгіленген кәсіпорын қазір «Қазақмыс» компаниясы ретінде әлемге танылғанын білеміз. Отан қорғауға қосқан лайықты үлесі үшін сол бір сұрапыл жылдарда Жезказған кен-металлургия комбинаты КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитеті мен Түсті металлургия халық комиссариатының ауыспалы Қызыл туын 16 рет жеңіп алыпты. Кейін мәңгілік сақтауға қалдырылған Қызыл ту бүгінде Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейдің құнды мұраларының бірі ретінде көзге түседі. «Ол күндердің өшпес даңқы» деген осы болар.

Амандық РАХУЛЫ



Ардақты Ұлы Отан соғысының ардагерлері,
тыл еңбеккерлері!

Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы
күштерінің сарбаздары және ардагерлері!
Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні және Отан қорғаушы күні мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл 75 жыл. Біз өз тарихымызды есте сақтаймыз және оны мақтан тұтамыз! Осы қанды шайқаста халқымыз нацистік Германияның басқыншылығына қарсы тұрып, әлемді фашизмнен құтқарды.

Опасыз соғыс әрбір отбасының тағдырында өз ізін қалдырды. Біздің ата-бабаларымыз, аналарымыз бен әжелеріміз шайқас далаларында тайсалмай кеуделерін оққа тосты, оқтарды қазып, далалық госпитальдарға жауынгерлерге көмек берді, ормандарға кетіп партизандар майданына қатысты, тылда ерен еңбектің үлесін көрсетті. Олар күн сайын ерлік жасап, соғыстың соңғы күні мен Жеңісті жақындатты.

Өзінің мызғымас бірлігінің, еңбекқорлығы мен жанқиярлығының, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында бізге бейбітшілікті, еркіндік пен тәуелсіздікті алып берген аға ұрпақтың ерлігін мәңгілік есте сақтап, болашаққа жеткізу – біздің парызымыз.

Жылдар мен засырлар өтер, бірақ адамзат баласы жеңімпаздардың ерлігін ешқашан ұмытпайды. Біз Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болғандарға басымызды иіп тағзым етеміз, қазіргі ортамыздағы майдангерлерге шексіз алғысымыз бен құрметімізді білдіреміз.

Жеңіс күні – алдыңғы буын мен кейінгі ұрпақтарды біріктіретін мереке. Бүгінгі Отан қорғаушылар жеңімпаздар салып кеткен батырлық және жауынгерлік дәстүрдің лайықты мұраскерлері болып табылады. Қай кездерде де әскери қызмет әр ер азаматтың қасиетті міндеті, борышы, ерлік пен қасиетті мектебі болып келеді. Ұлттық мүдделерді сенімді қорғау және Қазақстанның қорғаныс әлеуетін нығайту еліміздің тұрақты дамуының, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырудың негізі болып табылады.

Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары және ардагерлері! Егеменді мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан баға жетпес үлестеріңіз үшін, Сіздерге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Қымбатты жерлестер, баршаңызды Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтай отырып, сіздерге аманылық, келісім мен бейбіт өмір тілейміз! Сүйікті Отанымыз-Қазақстанның бірлігі нығайып, өркендей берсін! Мереке құтты болсын!

Құрметпен,

Жезказған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ
Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАРСАҚБАЙЛЫҚ ҚАҺАРМАН ҚАЗАҚ

Жұмаш РАХМЕТОВ туралы тағы да бірер сөз

Сөз неге бұлайша басталып отыр? Өйткені, Ж. Рахметов туралы бұл менің алғаш қалам тартуым емес. 2011 жылғы 7 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде «Тағы бір батыр қазақ табылды» деген шағын мақала жарияланды. Осы мақаланың ізін ала сол жылғы 13 мамырда Жезказған аймақтық «Мысты өңір» газетіне «Қарсақбайлық батыр қазақ Жұмаш Рахметовті білетіндер бар ма екен?» деген шағын мақала басып, батырдың туған-тұсқандары табылып қалар деген үмітімізді жариялаған едік. Бірақ, редакцияға да, мақала авторына да хабарласа қойған ешкім болмады. Содан соң 2015 жылғы 20 наурызда тағы да сол «Мысты өңірде» «Қарсақбайлық қаһарман қазақ Жұмаш Рахметовтің есімі қашан жан-жақты дәріптелетін болады?» деген мақала жариялап едік. Міне, содан бері де біршама уақыт өтті. Бірақ, «Жұмаш Рахметовті білетін едік» деген әлі ешкім шыға қойған жоқ. Өрне, өкінішті. Бірақ, ең басты өкініш бұл да емес. Қазақ «Ер – елдік» дейді. Оның кіндік қаны Қарсақбайда тамғанмен, атағы алаш баласына ортақ. Өрне, негізгі іздеу туған топырақтан болғаны дұрыс. Өкінішке қарай, не туған жерден, не елден батырын індеті іздеу қолға алынбай жатыр. Өрне, бұрынғы сөзімізді оқығаны бар, оқымағаны бар, оқырманның көңілінде «Жұмаш Рахметов кім? Қандай ерлік жасаған?», т.т. сұрақтардың тұрғаны сөзсіз.



Ресейлік жауынгер-жазушы Фабиан Гарин өткен ғасырдың 60-жылдары Бірінші және 29-танк Армиясына қатысты деректер жинайды. Сөйтіп, 1963 жылы «Цветы на танках» деген кітап шығарады. Осы кітапта «Павел Андреевич долго рассказывал про своих друзей. — А какой золотой человек был цыган Рахметов, - говорил он уже через силу. — Форменный ужас наводил на фашистов. В одном бою ему оторвало ногу. Башнер увез его в госпиталь. «Откуда ты родом?» — спросил он у него. — «Из степи». — «А кто твои родные?» — «Партия», — еле отпелли Рахметов и закрыл глаза наведод» деген жолдар бар.

►► 4-бетте

ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

Ер етігімен қан кешкен, ат ауыздықпен су ішкен сұрапыл соғысқа қатысқан ардагерлердің қатары жыл өткен сайын емес күн санап сиреп барады. Ұлы Жеңістің туы желбіреген былты мамырға Жезқазғанда 4 ардагер жетіп отыр. Бүгінде көзі тірі Иван Кузьмич Артеменко, Нина Степановна Виноградова, Александр Тимофеевич Гусак пен Алексей Михайлович Миненко Отанға қауіп төнген тұста тайсалмай асқан ерліктің үлгісін көрсеткеніне кеудесінде жылт-жылт еткен медальдері дәлел болса керек. Ерлікті өшірмей, ерлерін ұмытпай, арамыздағы ардагерлерді қастерлеп, олардың алдында бас ию – бүгінгі және келер ұрпақтың парызы. Сондықтан, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында жезқазғандық батырлар хақында қалам тербемеу бізге сын.


АРДАГЕРЛЕР – АРАМЫЗДА



Иван АРТЕМЕНКО 1926 жылғы 20 мамырда Алматы облысының Сарканд ауданына қарасты Покатиловка селосында туды. Соғысқа дейін Талдықорған облысы Антоновка селосында жұмыс істеген ол 1943 жылы майданға алынды. Ленинград майданында және Прибалтикада шекара әскері құрамында аға сержант шенінде бөлімше командирі болып соғысқа қатысты. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медалімен және мерекелік медальдармен марапатталған Иван Кузьмич 1953 жылы елге оралды. Ал, 1975 жылдан бері Жезқазған қаласында орнықты. Жезқазған байыту фабрикасында еңбек еткен ардагер бүгінде төрт баласынан өрбіген немере мен шөбернің ортасында Ұлы Жеңістің 75-ші көктемін қарсы алмақ.



Фашистік Германия Кеңес одағына кенеттен шабуылдаған 1941 жылы **Нина ВИНОГРАДОВАНЫҢ** жасы небәрі он сегізге еді. Алайда, жастығына қарамастан оңет қыз майданға медбیبі болып алынады. Ерлік жолын туған жері Луканскіден бастаған ол от пен оқтың ортасында жүріп, жаралы сарбаздардың жанынан тайбалды. Сержант шеніндегі медбیبі кейін Киев, Харьков, Бухарест, Прага, Варшава, Будапешт сынды ірі фронттарда батылдық көрсетті. Өмірінің бес жылдан соғыста өткізген Нина Степановна майданда батолон командирі Константин Виноградовпен көңіл жарастырып, шаңырақ көтереді. Екеуі де соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Красная звезда» орденімен марапатталды. 1953 жылы қазақ жерінен пана іздеп келген ардагерлер отбасы мысты өлкеде тұрақтады. Отағасы мыс қорыту заводна, Нина Степановна ауруханаға жұмысқа кіреді. Кейінірек Жезқазған кен-металлургия комбинатында еңбек еткен батыр қыз қазір жезқазғандықтардың еркесіне айналды. Жылда 9 мамырды аяғынан тік тұрып қарсы алатын Нина Виноградованың омырауында «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медалдерімен қатар «КСРО санитарлық қорғанысының үздігі» белгісі мен көптеген мерекелік медальдар жарқырап тұр.



Күндей күркіреп өткен соғыстың тағы бір куәгері – **Александр ГУСАК**. Ол да – Украинаның тумасы. Он сегіз жасында майдан даласына аттанған жауынгер соғыс зардабының ауыр болғанын және әлі күнге дейін бәрі оның есінде екенін ұрпағына айтып отыр. Прага мен Польшада атқыштар полкінде ерлік көрсеткен Александр Тимофеевич окка ұшып жараланған да. Тіпті Волгоград тұсындағы шайқаста жаудың қолына түсіп, біраз қиындықты бастан кешірген. Соғыс аяқталып, АҚШ әскерінің көмегімен тұтқыннан босаған Александр Гусак Қазақстанға қоныстанып, Жезқазған қаласының өркендеуіне үлес қосқан. Оның есімі қаладағы тұрғын-үй мен ғимараттарды көтерген алғашқы құрылысшылармен қатар аталады. Ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың және басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.




1923 жылы Ақмола облысы Атбасар ауданының Самарка ауылында дүниеге келген **Алексей МИНЕНКО** соғысқа 1942 жылы туған ауылынан аттаныпты. Бірден жауу әскер қатарына алынған ол Калинин түбіндегі шайқасқа қатысты. Ауылдан шыққан, соғысудың қыр-сырын білмейтін өрімдей жас сол ұрыста жаракат алып, Каменск қаласындағы госпитальға түсті. Емделіп шыққаннан кейін Великие Луки қаласы түбінде, Новосольники майдандарында шайқасты. Көп ұзамай олар Смоленск түбіндегі соғысқа араласты. Алексей Миненко ең алғашқы наградасын 1943 жылдың наурызында, Новгородты жаудан азат еткеннен кейін алыпты. 1944 жылы Ленинград үшін ұзақ уақыт соғысқан майдангер Норвегия мен Белорусияны жаудан аман алып қалуға атсалысқан көптің бірі. Жауу әскер Алексей Миненко қызмет еткен дивизия 1945 жылы сәуір айының соңында Германияға да жетті. Штецен қаласынан Одерге, одан Берлинге шықты. Соғыстан кейін Алексей Миненко тағы төрт жыл Германиямен шекарада қызмет етіп, туған ауылына 1949 жылы оралды. 1952 жылы отбасымен бірге жанадан бой көтеріп жатқан Жезқазғанды бетке алған ол «Спецстрой» тресінде шофер, Жезқазған байыту фабрикасында слесарь болып жұмыс істеді. Майдан даласындағы ерлігі лайықты бағасын алып, Алексей Миненко 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтің, сонымен қатар, бірнеше мерекелік медальдарды иеленді.

Сұрапал соғыстың бел ортасында тайсалмай жаудың бетін кері қайтарып, ұлы Жеңісті сыйлаған бұл ұрпақ – нағыз патриотизмнің үлгісі. Ендеше, Тәуелсіз елде бақытты күндерде өмір сүруімізде Отан үшін кеудесін окка тосқан ардагердің ерлігі мен ержүректігі жатқанын ұмытпалық.

Диана ОРАЗАЛИНА

ЕРЛІКТІҢ ОТЫН МАЗДАТҚАН

Жаздың жайма шуақ, мамыражай маусым айы. Өскерге шақырылған бір топ жігітті ортаға алған жастар ауыл сыртындағы қоғалда отырып, әуелете ән шырқап, күмбірлете күй тартыпты. Майданға аттанып бара жатқан азаматтарын қимаған ауыл адамдары да сол күнгі таңды ұйқысыз атырған екен. Сол жастардың бірі Әбдрашит көкем домбыраның құлағында ойнайтын өнерлі жан болған. «Ол кезде біз 5-6 жастағы ойын баласымыз ғой. Сонда да болса, көкеміздің бет-бейнесі, кейбір ерекше мінез-құлқы есімде қалып қойыпты. Қасы-қозын ойнақтатып, құлағын қозғап, көпшілікті құлдріп отыратын. Серпіле секіріп, айналып, қазіргі тілмен айтқанда акробатикалық трюктерді керемет жасайтын. Біз қасында қызық көріп, жүгіріп жүретінбіз. Қолынан домбырасын тастамайтын. Соғыстан аман келгенде, мүмкін өнер адамы болар ма еді...» дейді бүгінде жасы сексеннің бел ортасына келген, әулетіміздің үлкені Манасбай көкем осыдан 75 жыл бұрын сұрапыл соғыстың бітуіне төрт-ақ ай қалғанда, 1945 жылдың 16 қаңтарында Польша жерінде окка ұшқан Әбдрашит Қадыров көкемді есіне алып.



Марапат қағазындағы мына бір жолдар Әбдрашит көкемінің майдан даласындағы ерлігінен сыр шертеді. ... 1943 жылдың күзінде Пашино деревнясын жаудан тазарту үшін болған шайқаста асқан батылдық көрсетіп, кол пулеметімен 100 метрге дейін жақындап келген бірнеше фашистің көзін жойған қызылжаскер Қадыров бөлімше жауынгерлерінің арнайы бекініске шығысыз жетуін қамтамасыз еткен. Сол жолғы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының 1943 жылдың 13 қазанындағы Жарлығымен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Мына бір парақшадан 1943 жылдың күзінде Козьяны деревнясының жанында болған қиын-кескі ұрыста қарсы шабуылға шыққан неміс солдаттарын жақындап барып, автоматпен айқалаған сержант Қадыровтың көзсіз ерлігі жайлы баяндалады. Зеңбірекшілер батареясының межелі жеріне орналасуына мүмкіндік бермей, әлсіз-әлсіз шабуыл жасаған жау біраз адамдарынан айырылып, бой тасалаған екен. Жаужүрек қазықтың қайтпас қайсарлығына тәнті болған командирлері оның ерлігін жоғары бағалапты. Қараша айында сержант Ә.Қадыров ІІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Сол 1943 жылы Коммунистік партия қатарына өткен екен.

Зеңбірекшілер батареясына қарай жанталаса ұмтылған. Жақындап қалған жау танкілеріне оқ жаудырған Қадыров бастаған артиллеристер бір танкіні отқа орады. Нысананы дәл көздеудің нәтижесінде жаудың тағы да үш танкісі жойылды. Алайда, жау танкісінен атылған снаряд 5-орудияның зеңбірегін істен шығарды. Еңбектеп, келесі зеңбіректің жанына барған сержант Қадыров жауынгер Печеновпен бірге нысанға дәл тигізіп, жаудың тағы да екі танкісін жойды. Жанына снаряд жарылып, ол зеңбірек те істен шыққаннан кейін артиллеристер қолдарына автоматтарын алып, жауға тынымсыз оқ жаудырды. Біздің жауынгерлер 14 сағатқа созылған кескілескен ұрыста бекіністі жау қолына бермей, жанқиярлықпен қорғап қалды. 7 танкісінен айылып, көп адам шығынына ұшыраған немістер кейін шегінді. Ұрыс даласынан қатты жараланған үш командирді алып шыққан жауынгер Қадыров осы шайқаста өзі де жаракат алды. Отан алдындағы борышын осылай адал атқарған қазақ халқының қайсар ұлы, коммунист Әбдрашит Қадыров Кеңес Одағының батыры деген ең жоғарғы атағына лайықты.

Осы ұсыныстың негізінде СССР Жоғарғы кеңесі президиумының 1944 жылғы 21 мамырдағы №22/н бұйрығымен сержант Әбдрашит Қадыровка ІІ дәрежелі «Даңқ» ордені берілді.

...Артиллеристер ешқашан да ұрыс даласын тастап кетпеген. Майдан даласында бірнеше тонна шойын темірді сүйретіп, қаптаған жау танктеріне тоқтаусыз оқ жаудырған, зеңбірегі істен шықса, автоматтан оқ жаудырып, жанкештілікпен жауға қарсы ұмтылып, қоян-қолтық ұрысқа кіретін зеңбірекші жауынгерлердің көзсіз ерлігін кинолардан талай рет көріп өстік. Сондай ең бас батырдың бірі Әбдрашит көкем болған екен. Аспан мен жер арасып, дүние астаң-кестең болып жатқанда жанын шүберекке түйіп, жауға оқ жаудырып, өзі жараланса да ұрыс даласынан жаралы жауынгерлерді алып шыққан Әбдрашит әкеміздің жанкештілігінен тұ ұланын ешпенеден тайсалмайтын өр мінезі, қайтпас қайсарлығын көргендей болдым. Интернеттен алған осы бір мағлұматтарды қайта-қайта парактап, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей күй кештік, әулетімізбен ерекше мақтаныш сезіміне бөлендік.

Зерттеуші ғалым, тарихшы Берік Әбдіғалиұлының «Ұмытылған қаһармандар» атты кітабында Ұлытау өңірінен шыққан, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен қаһармандығы кейінгі жылдарға дейін беймәлім болып келген батыр аталарымыздың ерлік істері нақты дәйектерге сүйенсе отырып баяндалады. Осы кітапта атамыз Әбдрашит Қадыровтың да майдан даласындағы ерлігі жайлы жазылған жолдар бар. Міне, осылы қаһарман атамыздың аты тасқа басылып, тарихта қалды. Аталарымыздың рухына тағзым ете отырып, олардың есімдерін ел есінде қалдырып отырған зерттеуші ғалым бауырымызға айтар алғысымыз мол.

... Әкем Әбухауит Нұрекеұлы тұңғыш ұлына Қадыров деп ағасының тегін берді. Сол кезде 20 жаста болса да, ақылмен ойлап, бауырының аты өшпесін, атын әулетіміздің бір ұрпағы алып жүрсе деген болар. Құдайға шүкір, бүгінде Серік Қадыров ағамның үш ұлынан тараған немере-шөберелер жекілдеп өсіп келеді. Яғни, бүгінгі өскінінің кемелді келешегі, бейбіт өмірі үшін күрескен, жанын қиған Аталар даңқы ешқашан өшпек емес, жыл өткен сайын жас ұрпақ санасында жанғағра бермек.

Сәуле НҮРЕКЕНОВА, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЖАЗЫЛМАЙТЫН ЕСКІ ЖАРА ЕДІ...



Шылмағамбет


Біз негізінде қазіргі Ұлытау ауданы, ата-бабымыз қоныс еткен Байқоңыр жері, соның елді мекендерінен тараймыз. Ата жолымен айтсақ, Қыпшақ-Малтабар-Жалмырза ұрпағы, Ақсақал әулетінен Ұлы Отан соғысына алты адам аттанғаны, солардың біреуі де елге оралмаған. Олар: Құлахмет Түгелбаев, інісі – Бектай Түгелбаев, Әбдіқарім Кемелбаев, Төлеген Тоқтарбаев, Шылмағамбет Ізімбаев, інісі Шалау Ізімбаев. Мұның ішінде Құлахметтен төрт бала, Шылмағамбеттен екі бала. Олар осы өңірде үйі-баранды болып еңбек етіп жатыр. Қалған төртеуінен тұқым жоқ, 18-20 жас аралығындағы боздақтар. Бұлар түгелдей сауатты адамдар болған. Менің әкем Құлахмет Байқоңыр басында ішкі істер бөлімінде учаскелік милиция, ал Шылмағамбет Байқоңыр көмір кеніші жұмыскерлерін тамакен қамтамасыз ететін (проднап) мекеменің қызметкері, басшысы болған. Оның інісі Төлеген Тоқтарбаев комсомол ұйымын басқарған бір әкеңіз жалғыз. Соғысқа өзі сұранып кетіпті. Ал қалған үшеуі Бектай, Әбдіқарім, Шалаулар бұдан бұрын 1938 жылы финсоғысына шақырылып, содан Ленинград майданына кіргеннен олап болғандар.

Соғыс уақытында бұлардың сауаттылықтарын пайдаланып іштерінен кіші командирлер дайындаған. Бектай Түгелбаев аға сержант компас арқылы бағыт-бағдар азымтын белгілеп, қалың орман ішінде жүретіндей барлаушы развет отрядын басқарған.

Төлеген Тоқтарбаев гв. кіші лейтенанты, арделлеріне расчетын басқарған. Шалау Ізімбаев гв. лейтенанты танк командирі. Әбдіқарім Кемелбаев туралы қанша

еңбектеп стволдан үңгірден тәшке сүйреп сыртқа көмір шығарып тұрған. Оны архивтен табылған құжаттарда оларды «ташечниктер» деп атайды екен. Сол сияқты Қарсақбай мыс зауытында жұмыс істеген Күләйхан, Нағима шешелеріміз шойын қорытып, одан бомба мен миналардың, қол гранаталардың корпусын құйып, мыстан снаряд, пулеметтердің гильзаларын дайындаған. Сол сияқты 1942 жылы К.Сәтбаев 38 күннің ішінде марганец бронитін өндірген Жезді кен шахталарында апаларымыз еңбек етіп Ұлы Жеңісті жақындатқан, барлығы да жеңіс үшін, Отан үшін, ел-жер үшін жан жианқиярлықпен еңбек еткен аруаналар еді.


Одан кейінгі елді қалпына келтіру жас болсақ та біздің үлесімізге тиді. Жас кезімізден шешелерімізге көмектесіп, жауу-жалпылап алыс қыстақтардан қатынап оқу оқып, арасында өгіз айдаушы, масақ теріп, қырман айдаушы, есейе келе мал азығын дайындау шоп шабу, көпесе салып, сырғымен шоп тасушы, үлкендерде біздерді баласынбай осы жұмыстарға салатын еді.



Бектай

Есейе келе техникаға тракторист, машинаға шофёр болып, елді қалпына келтіруде біздің қатарларымыз біздер айнабай еңбек етіп өз үлесімізді қосып ерте ер жеттік.

Оның ішінде осы әулеттің бүгінгі үлкені сексеннен асқан Совет Құлахметов – осы өңірдегі алғашқы механизатор-тракторист. Тың көтеру жылдарында егіс даласына алғашқы борозда салған механизатор. Бүгінгі кешегі Жезді, бүгінгі Ұлытау аудандарына еңбегі сіңген Құрметті азаматы. Одан кейінгі үлкені сексенді еңсерген Құлахметтің кішісі мен Қадыр кезінде мына көз көргендер білетін барлық жұмысты атқарып, 1964 жылы Целиноград а/ш институтына түсіп, 1969



Тыл еңбеккерлері

сұрастырсақ та жауап таба алмадық. Ал әкелеріміз қатардағы атқыштар, барлығы ВКП(б) мүшелері болған. Бұл – біздің әскери комиссариаттан алған жауаптарымыз. Мұның ішінде әкелеріміз туралы тұщымды жауап жоқ, хабар-шаршыз кеткендердің тізімінде.

Бұлардың майданнан келген хаттары мен суреттері сақталмаған. Ол уақытта олардан

жылы бітіріп елдің тыныштығы бұзылған кезде 1972 жылға дейін өңтүстік шекараны қорғауға қатысқан офицер құрамында болдым. Одан кейін ауылға келіп бітірген мамандығын бойынша жұмыс істедім. 2010 жылы «Тірілік көзі» -деген мал шаруашылығы туралы жолдасымыз екеуіміз бірігіп, қазіргі ұмыт болып бара жатқан бүгіндері «брэндіге» айналған



Өнеркәсіп мамандары

келген хаттарын оқитын ауылда сауаты бар адам да болмаған. Шешелерімізді айтуынша, мен іздеп тауып беремін деп суреті мен хатын Қанатбек деген ағамыз алып кетіп, содан жоғалған дейді. Кейіннен бірен-саран суреттерін таптық. Оны осы мақалаға ұсынып отырмыз.

Біз соғыс жылдарында туып-өсіп, есімдіз кіргенде балалық шақтан бал дәуренін көре алмай, әскер семьясында үйде әжемнің, далада шешеміздің зарлы үндерін солардың көз жасын көріп өскен адамдармыз. Менің есімде қалғаны әжем кеш болса болды қара жамылып, осы балаларының аттарын жырға қосып, жоқтаумен, «Ең болмаса бәріне де өз жерінен топырақ бұйырмалды» деп жылаумен күнін өткізіп, сол көп жылас пен жоқтаудан көзі қормей соққы болып қалып «Соқыр кемпір» атанып еді.

Соғыс уақытында бүкіл ерлердің жұмысын ауылда әйелдер, қарттар, жасөспірім балалар атқарды. Бүкіл ауыртылдық аналарымыздың мойнына түсіп, шешелеріміз сауыншы, соқа жетіп өгіз айдаушы, сырғы сүйреп мая салушы, орақ ұстап егін орыны, қап арқалап тоған салушы, ал өндірісте Байқоңыр көмір кенішінде Сүгір Кемелбаев әкеміз, әйелі Қамқа шешеміз екеуі шлияға жетіліп,

ұлттық тағам түрлерін дайындау туралы ұлттық технологияны мына жастарға арнап жазып шығарып едік. Өткен 2019 жылы былығы жылы сексен жасқа толуыма байланысты «Ғұмыр» деген атпен 250 беттік «Асар» баспасынан шыққан кітабым жарық көрді. Бұл сол кездегі өңірлік ел тарихы және еңбек үлгісі мына жастарға дәріптеу мақсатында жазылған еді. Менен кейінгі әскер семьясынан Шылмағамбет баласы МӘЛІС (Ислам) бір әкеңіз жалғыз мамандығы инженер-механик. Марқұм барлық ғұмырын осы салаға арнап еңбек еткен азаматымыз еді. Құдайға шүкір артында бала-шаға немерелері бар.

Мұның барлығы арғы ата-бабаларымыздың әріден тәуелсіздікті, бостандықты аңсаған соның жолында талайы жанын піда еткен аруақтардың әке мен аналарымыздың қанымен, жанымен берген келген бүгіндері егеменді Қазақ еліне айналдық. Ұлы Жеңістің 75 жылдығы елімізге, тыныштық біріктік, бақ-береке әкелсін.

Артында қалған баласы: Қадыр ҚҰЛАХМЕТ, еңбек ардагері Ұлытау ауданы Жезді кенті.

ДАҢҚ

ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛ БҰРЫН МОЙЫНДАЛҒАН ЕРЛІК


Әрине, сөз Рахымжан Қошқарбаев атамыздың ерлігі туралы. «Жоқ, ол кісінің ерлігіне қиянат жасалды, тіпті, бертіңге шейін ресми түрде мойындалмады» деген қарсы пікірдің айтылмай қалмайтынға да сезбей отырғаным жоқ. Ерлігіне сәйкес тиісті атағы берілмесе, мұны сол кездегі қолында билігі барлардың ар-ұятына қалдырайық. Олардың да бүгінде арамызда ешқайсысы қалмаған шығар, өздерінің әділетсіздіктеріне бұ дүниеден жауапсыз өтсе де, о дүниеде сұраусыз қалмаған болар. Өз күнәларына өздері жауапты.

Жарлық тек 1946 жылғы 8 мамырда шығарылған. Оларға неге бірден Батыр атағы берілмеді? 1945 жылғы 24 маусымда өткен Жеңіс Парадына Жеңіс Туын тіккендер ретінде кеуделерінде Алтын Жұлдыздары жарқырап шықса, жарасымды болмас па еді? Меніңше, Егоров пен Кантарияның Батыр атағына нағыз лайықтылар емес екендігін Басқолбасшы Сталиннің іші сезген. Бәрін әріден ойлайтын И.В.Сталин «Токтай тұрындар, Жеңістің қызуы сәл де болса, басылсын. Әйтпесе, Рейхстагқа Ту тіккендердің бәрін марапаттауға тура келеді» деген тәрізді тоқтам салуы мүмкін. Батыр атағының Егоров пен Кантарияға сол жылы берілмей қалуын басқаша болжау мүмкін емес.

31 мамырда Егоров пен Кантария Батыр атағына ұсынылып жатса, «Фронтвик» газетінің 1945 жылғы 17 мамырдағы шығарылымының бірінші бетінде Рахымжан Қошқарбаевтың суреті басылып, оның Рейхстагты бағындырған батыр екені жарияланған. Бұл ерлікті бағалау, оны мақтанышпен мойындау емес пе?

Егоров пен Кантарияға Батыр атағының берілуі бәрібір айқай-шу шығармай қоймаған секілді. Бұлай ойлауымызға себеп қандай? Бұған Алексей Прокофьевич Берестін 1946 жылғы 3 тамызда Батыр атағына ұсынылғаны дәлел. Ол кім еді? А.П.Бересте те Рейхстагты шабуылдаушылардың бірі болатын. Усының хатта «Под его руководством сержант Егоров и мл. сержант Кантария водрузили над Рейхстагом Знамя Победы» деп көрсетілген. Яғни, бұл Ұсыныстың астарында «Қарауындағылар Батыр атанып жатқанда олардың командирлері неғып Батыр атанбайды?» деген үлкен сұрақ тұр. А.П.Берестеке «Осыған да риза бол!» дегендей 1946 жылғы 22 тамызда «Қызыл Ту» ордені берілген. Сөйтіп, ол да Батыр атағына ұсынылып, бірақ, 1945 жылғы 8 маусымда «Қызыл Ту» орденімен марапатталған Рахандардың қатарына қосылған.

Бір ғажабы, Жеңіс Туын тіккендердің арасында тек Раханның ғана Марапаттама қағазында «Ворвался в Рейхстаг и водрузил знамя Победы» деп анық жазылған екен. Және Г.Булатовты ұсынған құжатта «В 14 час. 25 мин. водрузил над Рейхстагом Красное знамя» деп, тудың қай



Мен неге ерлік нақ сол кезде мойындалды деймін? Өйткені, Рахандардың ерлігін көзімен көрген, соған сүйсіне білген алғы шептегі командирлер ерлікті ең жоғары аталық деп тапты, тиісті ұсыныс қағазын толтырып жоғары жаққа жолдады. Ерлікті мойындау

деген – осы! Рейхстагқа Жеңіс Туын желбіреткен жауынгерлер аз болмаған, кейбір тарихшылардың айтуынша, 30-ға тарта ту тігілес керек. Солардың арасында ең бірінші кімдер жетті Рейхстагқа? Міне, Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың «Тұзы – сор, еңбектері – еш» болатын тұсы осында. Олардың Жеңіс Туын ең бірінші болып қадағандары мойындалмады. Ерлігі емес, ең бірінші Батыр екендігі. Бірақ, бәрібір 2005 жылы ақиқат жеңді.

Ресейлік «ОБД» сайтында Марапаттама қағаздарына көз салсаңыз, Рахымжан Қошқарбаевтың да, Григорий Булатовтың да Кеңес Одағының Батыры атағына жолданған ұсыныста олардың ерлігі нақтылы жазылған. Тек Жеңіс Туын қадағандары ғана емес, басқа да ерліктері көрсетілген. Ал, ресми түрде Жеңіс Туын тіккендер саналып келген Егоров пен Кантарияға жазылған ұсыныста оқысаңыз, оның көңілсіздеу, орысшалап айтқанда, «формально» жазыла салғанын аңғару қиын емес. Өйткені, екеуінің де мәтіні бірдей, тек фамилияларын ғана өзгертіп қоя салған. «Әйтеуір, сондай қағаз керек болғандықтан жазылған» деп ойлайтынмыз сондықтан. Сонымен бірге, Егоров пен Кантарияны Батыр атағына ұсыну хат 1945 жылғы 31 мамырда жазылған. Ал, Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ұсыныс хаттары 6 мамырда жолданған. Енді сол ұсыныстың 27 мамырда кейін қозғаусыз қалып, ал, 1945 жылғы 31 мамырда Егоров пен Кантарияны Батыр атағына ұсыну қолға алынғанын және сол бір күннің ішінде полк командирінің ұсынысы армияның Әскери Кеңесіне шейін жеткенін ескерсек, жоғары жақтағылардың оларға Батыр атағын беруге соншалықты мүдделі болғанын аңғарудың қандай қиындығы бар? Дегенмен,

ТЫЛДА ЖҮРІП ШЫҢДАЛҒАН

Миллиондаған жаңа жаңа өмір есігіндей болып, бейбіт заманның тыныс-тіршілігі ала келген Ұлы Жеңіске тыл ардагерлері қосқан үлес те айтарлықтай зор. Сұм соғыс алаңында жанкештілікпен шайқасып, өмір мен өлімнің ортасында қан кешкен жауынгерлерге алыста жүрсе де маңдай терімен өлшеусіз көмек көрсетіп, жігерлеріне жігер қосқан тылдағы еңбеккерлердің де қарасы сиреп бара жатқандығы өкінішті-ақ. Тылдағы тынымсыз тіршілікті еске алғанда ойға оралар бірінші жан ол – әкем Әшмұхан ЖӘНШЕКОВ.



«Ердің атын еңбегі шығарады» дегендей ер жігіттің мерейін тасытып, абыройын асқақтатар басты қасиеті еңбеккерлігі екені белгілі. 1923 жылы Ұлытаудың Баурайында дүниеге келіп, бар бекем болмысты бойына сіңіріп өскен әкем ерте жасынан еңбекке араласты. Ұлытау орта

мектебінде тоғыз жылдық білім алған ол оқуды бітіре салысымен аудандық прокуратураға хатшы болып, алғашқы еңбек жолын бастады. Бұл соғыс өрті тұтанып жатқан 1941 жыл болса керек-ті. 1942 жылы шілде айында Қарағанды қаласындағы көмір комбинатына мобилизацияланады. Одан әрі көмірдің отаны саналатын осынау қаладағы № 1, № 2 шахталарда уағушы, вагоншы, кенші сынды қызметтерді атқарды. Қажымай, талмай еткен орасан еңбегінің нәтижесінде белгіленген жұмысты 110%-дан 147%-ға дейін орындаған ол «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Соғыс бітіп, ел арасы тыныштала бастаған 1947 жылдың басында әкеміз Үлкен Жезқазғанға қоныс аударды. Мысты өңірге келісімен «Қазымқұрылыс» тресіне жұмысқа орналасты. Аталған кәсіпорнында өмірінің соңына дейін еңбек етті.

Аяулы анамыз Бекен Тілеубердинова да – тыл ардагері. Ол – Семей өңірінің қызы. Аяғоз жеріндегі балалар үйінде тәрбиеленген анам жас күнінен соғыс азабын тартқандардың бірі. Алапат соғыс басталғанда ол небәрі он бестегі бойжеткен екен. Новосібірде дейін барып, майданнан келген жаралы жауынгерлерге жәрдемдескен ол қанға орған дала мен оқ құшқан жауынгерлерді тәрбиеленісімен есіне алып отыратын. Күн-түні, қысы-жазы демей соғыс алаңында жаралы жауынгерлердің жарасын докемен таңған анам, оқ тигендер саны көптігі соншалық, оларды орайтын матаны табудың өзі қиямет-қайым болған ауыр

уақытта қадалғаны нақтылы жазылған. Бұл 1945 жылғы 30 сәуір болатын. Ал, Егоров пен Кантарияның құжаттарында олардың Ту тіккен уақыты 1945 жылғы 30 сәуірде 22.00 сағатта деп көрсетілген. Ресми құжаттар олардың бірінші емес екендігін осылайша әйгілеп тұр. Жә, өткен өтті, кеткен кетті. Ең бастысы, Ерлік ұмытылмасын! Рахымжан Қошқарбаевтың осыдан 75 жыл бұрын мойындалған ерлігі бүгінгі һәм әртүрлі қазақ жастарының намысын қайрап, жігерін жанып, үлгі, өнеге ретінде аталар рухына адалдыққа тәрбиелей берсін!

Абдолла ДАСТАНОВ



ҮЛГІ ТҮТАМЫН

Ол Ұлытау өңірі Лениншіл колхозынан 1942 жылы майданға аттанған. Әкем өз өңгімелерінде: «Соғыстың аты – соғыс. Оқоптағы солдаттарды аспаннан жауған жау оғы жайратып кетті. Тірілерін носилькаммен басқа жаққа әкеліп жатты. Үлгермегендері қалып қойды. Сол жаралылардың арасында мен де болдым. Біздерді № 3170 эвакуациялық госпитальға жіберді. Емделдім. Бірақ, соғысқа қайта бара алмадым. Қос балдақпен елге оралдым» деп мұңға батып есіне алатын.

Ол 1916 Ленинградтық атқыштар полкінің құрамында болған. 1943 жылы үздік атқыш ретінде «Знак отличия» арнайы белгісімен марапатталған. Негізгі соғыс туралы кино көріп отырғанда, сол кісіден соғыс туралы сұрақ қойсақ ұнатпайтын. «Балаларым, сендердің тек бейбіт өмір сүргендеріңді қалаймын» дейтін. Елге оралғанда ауылдың жағдайы да мез емес еді. Келе еңбекке араласады. Отбасын құрады. Үміт есімді анамыз болды. Ол кісі де жастық шағын қиын жағдайда өткізген. Алтай өңірінің қызы еді. Әкеміз өте мейірімді, қайырымды болған. Бауырларына, туған-туғандарына көмегің аямаған екен. Туыстардан ол кісі туралы туралы тек жақсы пікірлер естігенде марқайып қаламыз. Әке-шешеміз жеті бала тәрбиелеп өсірді. Үлкені 1945 жылы өмірге келіп, Бақытжан деп есімін аттаған. Қазір Астанада тұрады. Бәріміз қазір немере, шөбере көріп отырымыз. Зейнеткерміз.

Бауырларымыз Мафуза, Мейрамқұл, Бақтияр өмірден өтіп кетті. Анамыз Үміт Жақыпқызы өмірден ерте кетті. Әкеміз балаларын аялай білді. Мұндай қамқор да мейірімді, сабырлы, ұлағатты, еңбекқор, болашағын нұриландырған әкені еске алмау мүмкін емес.

Токсан жасқа қараған шағында бақилық болды. «Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей. Алланың берген уақыты осы болған шығар.

Ұлы Отан соғысының ардагері, бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және Кеңес Одағының маршалы Г.Жуков медалінің иегері. Бұл кісінің Жезді кентінде Ұлы Отан соғысының ардагері Мәкен Төреғелдин атындағы «Тау-кен және балықтық ісі» музейінде бой көтерген «Соғыс ардагерлері алдасында» өз қолымен отырғызған қайың ағашының тамыры терендей түсіп, жапырақтары қанат жайып тұр.

Базар ТЫНЫШТЫҚБАЙҚЫЗЫ

ҰРПАҚ ЕСІНДЕ

